

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құқықтық институт ретінде моральдық зиян өтемақысы — біздің құқық үшін айтарлықтай жаңа құбылыс. Кеңестік дәуір кезінде, моральдық зиянды өтеу институты — қоғамның моральдық тұрақтылығына қайшы болатын, біздің құқықтық сана сезіміміз үшін жат болып есептелінетін.

Моральдық зиянды өтеу қағидасын ең ерте және ең жетік меңгерген ел — Англия. Ағылшын құқығы бойынша материалдық және материалдық емес зиянды өтеу кезінде ешқандай айырмашылық болмайды. Егер зиян іс жүзінде келтірілсе және маңызды болса, заңсыз әрекетті немесе келісім- шартты бұзу кезінде жасалған зиян болса, сонымен қатар қандай зиян болмасын ақы төленеді.

Моральдық зиянды өтеуді қарастыратын жалпы норма ретінде КСРО азаматтық заңнама негіздерінің 131-бабы саналады. Бұл нормада бірінші рет моральдық зиян түсінігін анықтау мүмкіндігі және де оны өтеудің алғышарттары мен тәсілдерін бекіту жүзеге асырылды.

Бұл ережелер 1995 жылдың 1 наурызына дейін әрекет етті. Осы сәттен бастап олардың орнына Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бекітілген моральдық зиян мен оны өтеу туралы нормалар келді. Бұл нормаларды қолдану кезінде «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы № 10 қаулысында берілген түсіндірмені пайдаланған жөн.

Қазақстан Республикасының АҚ-дегі 951-бабының 1-тармағы бойынша моральдық зиян — бұл жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың жеке мүліктік емес құндылықтары мен құқықтарын айыру, бұзу, кемсіту, сонымен қатар жәбірленушінің оған қарсы жасалған құқық бұзушылық нәтижесінде сезінген (басынан кешірген, уайымдаған) физикалық немесе адамгершіліктен жат (қорлау, ашулану, тұнжырау, кек, ұят, ашыну, физикалық ауруы, шығындылығы, келеңсіздік жағдайы және т. б.) қайғырулары.

Мүліктік құқықтарды бұзумен келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасы АҚ-нің 142 және 352-баптарына сәйкес өтеледі.

Жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтардың бір мезетте бұзылуында мүліктік зиянды өтеудің мөлшері, жеке мүліктік емес құқықтарды бұзғаны үшін зиян шегушіге тиесілі төлем есепке алына отырып, жоғарылайды.

Өтемақыны екі мағынада түсіну керек:

біріншіден, Қазақстан Республикасы АҚ-нің 9-бабының 4-тармағына сәйкес мүліктік құқықтарды бұзғаны үшін шығындардың орнын толтыру мүмкіндігі;

екіншіден, бұл бапта моральдық зиян үшін өтемақы туралы айтылып отыр, өйткені жеке мүліктік емес құқықтарды қорғаудың тәсілдері өз кезегінде зиян шегушінің мүліктік шығындарын өтеуге бағытталмаған.

Міндеттемені бұзумен келтірілген моральдық зиянды өтеу Қазақстан Республикасы АҚ-нің 350-бабында көзделген шығындардан жоғары мөлшерде өтеледі. Осылайша міндеттемені бұзу фактісі — моральдық зиянды өтеу туралы талаптың негізі бола алмайды, әйтпесе бұзушылықпен келтірілген барлық мүліктік шығындар, құқық бұзушыны міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту арқылы орны толтырылуы мүмкін. Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы АҚ-нің 352-бабында қолдану үшін зиян шегушіге оның тек мүліктік қана емес, сонымен қатар адамгершілік шығындарға (жақын адамға көмек көрсету мүмкіндігінің болмауы, сыйластығын аса қатты бағалайтын әріптесінің алдындағы міндеттеменді бұзу, іскерлік беделге кір келтіру және т. б.) ұшырағандығын дәлелдеуі тиіс.

Келтірілген моральдық зиян үшін өтемақының көлемі келтірілген мүліктік шығындармен салыстырылмайды. Елеулі моральдық зиянда шамалы мүліктік шығындар болуы мүмкін және керсінше.

Заңнамалық актілерде көрсетілген жағдайларда моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсіне тәуелсіз жүзеге асырылады. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасы АҚ-нің 951-бабының 3-тармағында көрсетілген және бұл жағдайлар шекті болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы АҚ-нің 952-бабында моральдық зиян ақшалай нысанда өтелуге тиіс және мүліктік зияннан дербес өтелетіні айтылған. Осылайша, заң шығарушы моральдық зиян тек қана ақшалай түрде ғана емес, сонымен қоса басқа да нысандарда өтелетіні туралы Азаматтық заңнама (131-б.) негіздерінің мазмұнын өзгертті. Және де бұл бапта моральдық зиянды өтеудің көлемін анықтауда соттар зиян шегушіге келтірілген өнегесіз залалдардың ауырлығының субъективтік бағалануын және шағымданушының физикалық және адамгершілік азап деңгейі туралы білдіретін объективті мағұлматтарға көңіл аударғандары жөн:

қол сұғушылықтың объектісі болып отырған өмірлік қымбат құндылық (өмір, денсаулық, намыс және абырой, жеке басының бостандығы, тұрғын үйінің қол сұғылмаушылығы және т. б.);

құқық бұзушылық салдарының ауырлығы (жақын туыстарының өлімі, мүгедектікке әкеліп соқтыратын дене жарақаттарын келтіру, бостандығынан, жұмысынан немесе пәтерінен айыру және т. б.);

жалған, ұятты, мәліметтердің сипаты мен таралу сферасы;

зиян шегушінің тұрмыстық жағдайы (қызметтік, отбасылық, өмірлік, материалдық, денсаулығының жағдайы, жасы және т. б.);

зиян шегуші мен зиян келтірушінің кінәсінің деңгейі: тұлғаның материалдық жағдайы, басқа да көңіл аударатын мән-жайлары.

Шындыққа сай келмейтін, біреу туралы таратылатын балағаттау мәліметтері ойдан шығарылған, құрастырылған, осы тұлғаға немесе оның әрекеттеріне және т. б. қатысы жоқ болуы қажет. Егер фактілер мен бағалау дұрыс түсіндірілсе, онда қандай жағымсыз сипатта болмасын оларды балағаттық деп санауға болмайды. Бұндай жағдайларға тұлғаның ар-намысына, абыройы мен іскерлік беделіне қандай деңгейде болмасын залал келтіретін сыни ескертулерді қатыстырамыз, бірақ олардың объективтілігіне сәйкес (яғни шындыққа сәйкестігі) жоққа шығарудың пәні бола алмайды.

Жоғарғы Сот Пленумы қаулысында, егер моральдық зиян бірнеше тұлғалардың бірлескен әрекетімен келтірілсе, зиян шегуші оны барлық зиян келтірушілерден және де олардың кез келгенінен жеке, оның үстіне толық әрі жартылай Қазақстан Республикасы АҚ-нің 287-бабының 3-тармағын негізге ала отырып, өтетуге құқығы бар.

Осылайша, моральдық зиянды өтеу — мүліктік емес құндылықтар мен жеке мүліктік құқықтарды қорғау құралдарының бір түрі болып табылады. Қазақстан Республикасы АҚ-нің 187-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға ескіру мерзімі қолданылмайды.